Әділет

# Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 88 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 11 наурызда № 5436 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 289 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 18.09.2025* № 289 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағы 20-4) тармақшасына және " Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4405 тіркелген, 2017 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген қосымша, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редацияда баяндалсын.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде " Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне осы тармақтың

1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *А. Баталов*

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 88 қаулысына қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "17" қараша № 508 қаулысына қосымша

## Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

| № | Спорт түрлері, спорттың ойын түрлері бойынша жарыстардың жіктелуі | Төлемдерінің мөлшері (теңге) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Спортшылар | | | Жаттықтырушылар | | | Клубтық командалардың жетекшілері | | |
| | | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Олимпиадалық спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Жазғы және қысқы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары | 500 000 | 400 000 | 300 000 | 50 000 | 40 000 | 30 000 | | | |
| 2 | Азия, ПараАзиа және СурдоАзиа ойындары | 250 000 | 200 000 | 150 000 | 25 000 | 20 000 | 15 000 | | | |
| 3 | Жазғы және қысқы Универсиада ойындары, Ислам ойындары | 120 000 | 90 000 | 70 000 | 12 000 | 9 000 | 7 000 | | | |
| 4 | Жасөспірімдер Олимпиада ойындары | 120 000 | 70 000 | 50 000 | 12 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 5 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 250 000 | 200 000 | 150 000 | 25 000 | 20 000 | 15 000 | | | |
| 6 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 100 000 | 80 000 | 50 000 | 10 000 | 8 000 | 5 000 | | | |
| 7 | Жасөспірімдер арасынд | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | | 3 000 | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | а Әлем чемпионаты | | | | | 5 000 | | | | |
| 8 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 120 000 | 90 000 | 70 000 | 12 000 | 9 000 | 7 000 | | | |
| 9 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 10 | Ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты, Қазақстан Республикасының Спартакиадасы | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 11 | Олимпиада ойындарына жолдама | 250 000 | | | | | | | | |
| Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 150 000 | 100 000 | 70 000 | 15 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 2 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| | Жасөспірімдер арасынд | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | а Әлем чемпионаты | 50 000 | | | 5 000 | | | | | |
| 4 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 5 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 70 000 | | | 7 000 | | | | | |
| 6 | Ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты | 50 000 | | | 5 000 | | | | | |
| 7 | Қазақстан Республикасының "Қазақстан Барысы" | 120 000 | 90 000 | 70 000 | 12 000 | 9 000 | 7 000 | | | |
| Паралимпиада және Сурдлимпиада спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 150 000 | 100 000 | 70 000 | 15 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 2 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 3 | Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 5 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 6 | Жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 7 | Ересектер арасында Қазақстан Республикасы чемпионаты, Қазақстан Республикасы Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Паралимпиада Ойындары, Қазақстан Республикасының Сурдлимпиадалық ойындары, Транспл | | | | 5 000 | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | антация лanған-н а н кейін донорлы қ органда ры бар адамдар д ы ң Спартак иадасы | 50 000 | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК